

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ТҮРАҚТЫ ДАМУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ РЕГЛАМЕНТІ**

**БІРІНШІ БӨЛІМ**

**Жалпы ережелер, қолдану аясы, негізdemесі және қысқартылған сөздер**

**Жалпы ережелер**

**1-бап.** (1) Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығының қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаяу жазылған мөрі, бұрыштама белгісі, қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаяу жазылған бланкісі болады.

(2) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мекеменін Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығы Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, №29 мекен-жайы бойынша орналасқан «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекен-жайында құрылған.

(3) Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығы университетке қарасты құрылым болып табылады.

(4) Ғылыми-зерттеу атаяу қазақ тілінде: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығы; түрік тілінде: Noşa Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Südürürlebilir Kalkınma Araştırma Merkezi; орыс тілінде: Научно-исследовательский центр Устойчивого развития Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави; ағылшын тілінде: Research Center for Sustainable Development of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University ретінде белгіленеді.

**Қолдану аясы**

**2-бап.** (1) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығының мақсатын, органдарын, қызметтерінің тәртібі мен негіздерін қамтиды.

**Негізdemесі**

**3-бап.** (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5 (e), 8 (c), 10 (a) және 15-баптарына негізделіп дайындалды.

**Қысқартылған сөздер**

**4-бап.** Қолданылған қысқартылған сөздер төмендегідей:

a) Орталық: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығы;

b) Орталық басшысы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығының басшысы;

c) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры;

d) Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректорының бірінші орынбасары;

e) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;


f) БҰҰ: Біріккен Үлттар Ұйымы.

**ЕКІНШІ БӨЛІМ**

**Орталықтың мақсаттары мен қызметтері**

**Орталықтың мақсаты**

**5-бап.** (1) 2015 жылы БҰҰ-мен қабылданған Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес, орталықтың мақсаттары - халықтың әл-аукатын жақсарту жөніндегі шаралар және тұрақты



экономикалық өсуді қамтамасыз ету мәселелері бойынша жаңа ізденістер-зерттеулер жүргізу, сонымен бірге олардың нәтижелерін қолданысқа енгізу.

### **Орталықтың қызметтері**

#### **6-бап. (1) Орталықтың қызметтері төмендегідей:**

а) Тұрақты даму саласындағы ғылым-білім жетістіктерін насхаттау, жүргізген зерттеулер мен кол жеткізген нәтижелер туралы акпараттар мен жарияланымдар дайындау, соның ішінде 5 бағыт бойынша:

1) Адамдар - кедейшілікті жою, гендерлік тендік, салауатты өмірді қамтамасыз ету және білім беру;

2) Ғаламшар - құрлықтың экожүйелерін және су ресурстарын ұтымды пайдалану, климаттың өзгеруі;

3) Өркендеу - инклузивтік өсу және экономикалық өзгерістер;

4) Әлем - қауіпсіз және бейбіт қоғам, құшті институттар, сот төрелігі;

5) Серіктестік - тұрақты даму мақсатындағы жаһандық серіктестік, ресурстарды жұмылдыру, технологиялар, әлеуетті арттыру, сауда.

б) Ғылыми-зерттеу жұмыстарының субелі нәтижелерін Thomson Reuters және Scopus базаларындағы ғылыми басылымдарда жариялау;

с) Халықаралық байланыстарға жол ашу, халықаралық үйымдармен бірге Қазақстандық және Түркиялық мекемелер арасында ғылыми байланыстар орнату және тәжірибиелер алмасу;

д) Ғылым және ғылыми-өндірістік қызмет көрсету, сараптау және кеңестер үйімдастыру;

е) Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу, жасалған жана технологияларға сәйкес шағын өндіріс орындарын ашуға ұсыныс жасау;

ф) Мемлекеттік және жекеменшік үйімдардың жариялаган ғылыми гранттық конкурстарына қатысу үшін жоба дайындау және жүзеге асыру;

г) Орталықтың алдына қойылған маңызды проблемалар бойынша ғылыми конференциялар, семинарлар үйімдастыру;

х) Тұрақты даму саласындағы ғылыми және білім беру жетістіктерін насхаттау, зерттеулер мен нәтижелер туралы акпарат дайындау;

и) Шетелдердегі тұрақты даму саласында ғылымның даму деңгейін анықтау және шетелдік үйімдар мен ғылымның маңызды бағыттары бойынша бірлескен іс-әрекеттер жүргізу, акпараттық тағы басқа байланыстар орнату;

ж) Шаруашылық келісім-шарт негізінде ғылыми-зерттеулер жүргізу үшін тапсырыстар қабылдауға ұсыныс жасау;

к) Ғылыми-зерттеулер жұмыстарын материалдық-техникалық жабдықтау бойынша іс-әрекеттер жүргізу.

л) Университеттің докторанттары мен магистранттардың диссертация тақырыптарын тұрақты даму тақырыптарына бағдарлау бойынша жұмыстар жүргізіп, жобаларға қатысуына ықпал жасау.

## **ҮШІНШІ БӨЛІМ**

### **Орталықтың құрылымы мен қызметтері**

#### **Орталықтың құрылымы**

##### **7-бап. (1) Орталықтың құрылымы төмендегідей:**

а) Басшы

б) Ғылыми секторлар

#### **Орталық басшысы**

8-бап. (1) Ректор мен ректор өкілінің шешімімен үш жылға тағайындалады. Жұмыс мерзімі аяқталған орталық басшысы, қайтадан қызметке тағайындалу күкігіна ие.

#### **Орталық басшысы қызметтері**

##### **9-бап. (1) Орталық басшысының қызметтері төмендегідей:**



- a) Жылдық және төрт жылдық перспективалық даму жоспарын, орталықтың жұмыс жоспарын және жұмыс есебін дайындаپ, университеттің ғылыми кеңесіне ұсыну;
- b) Орталықтың атынан өкіл ету, ғылыми-зерттеу қызметтері мен басқару жұмыстарын жүргізу;
- c) Отандық және халықаралық ғылыми үйымдар мен зерттеу және практикалық орталықтарымен ынтымақтастық қатынастарын орнату арқылы орталықтың мақсатына сайжабаларды дайындауды қамтамасыз ету;
- d) Жариялануға ұсынылған зерттеулер мен ізденістерді ғылыми кеңеске ұсыну;
- e) Орталық мақсатына сәйкес берілген басқа да міндеттерді орындау;
- f) Жыл сайын атқарылған жұмыстар жөнінде университеттің ғылыми кеңесіне есеп беру.

### **Ғылыми секторлар**

**10-бап.** (1) Университеттің ғылыми кеңесінің бекітуімен орталықтың зерттеу, жоба, оқыту және т.б. жұмыстарын іске асыру мақсатында кемінде үш бағыт бойынша ғылыми секторлар құрылады. Бұл секторлар белгіленген мақсаттарға сәйкес топ арасынан тағайындалатын төрағанын жауапкершілігі шенберіндегі тұракты немесе белгілі бір мерзім көлемінде қызметтерін атқарады.

(2) Ғылыми секторлар орталық басшысы алдында жауапты. Әр жылдың аяғында Орталық басшысына атқарылған қызметтері туралы жазбаша түрде есеп береді.

(3) Орталық басшысының ұсынысымен қызмет мерзімі аяқталған немесе қажеттілігі қалмаган қызметтерді тоқтатылуы университеттің ғылыми кеңесімен бекітіледі.

### **Орталық құрылымы**

**11-бап.** (1) Орталық штаты төмендегідей: 1 басшы, 3 жетекші ғылыми қызметкер (1 басшы және 1 бағыт бойынша жетекші ғылыми қызметкер – университет бюджеті есебінен, 2 бағыт бойынша жетекші ғылыми қызметкер – гранттық жобалар есебінен).

## **ТӨРТИНШІ БӨЛІМ**

### **Соңғы және басқа да ережелер**

#### **Қаржылық ережелер**

**12-бап.** (1) Орталық бюджетті университет бюджетінен бөлінген қаржыдан, гранттық жобалар қаржысынан және құқықтық шенберіндегі басқа да қаржы көздерінен құралады.

(2) Орталықтың жылдық бюджетін орталық басшы тарарапынан дайындалады және университет ректоры мен ректор өкілі тарарапынан бекітіледі.

(3) Орталық қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жол шығындары және тәуліктік төлемдер төленеді.

#### **Өзге де регламенттер**

**13-бап.** (1) Осы регламентте қарастырылмаған мәселелер бойынша университет ережелері негізге алынады.

#### **Күшіне енү**

**14-бап.** (1) Бұл регламент орталықтың тіркеу жұмыстары аяқталғаннан кейін өз күшіне енеді.

#### **Жүзеге асыру**

**15-бап.** (1) Бұл регламентті университет ректоры және ректор өкілі жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісі		
Күні: 19.02.2022	Мәжіліс № 71	Шешім 10.4

